

2010 жылға тұрғындардың нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 06 мамырдағы N 115 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 17 маусымда N 5-4-134 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 555 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2010.12.24 N 555 қаулысымен (2011.01.01 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға тұрғындардың келесі нысаналы топтары анықталсын:
 - 1) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
 - 2) балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
 - 3) кәмелеттік жасқа толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты үнемі күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
 - 5) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты бойынша зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
 - 6) мүгедектер;
 - 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған адамдар;
 - 8) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарына босатылған адамдар;
 - 9) оралмандар;
 - 10) табысы аз адамдар;
 - 11) мектептерді, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарын бітірушілер;

- 12) жазғы демалыс уақытында студенттер мен мектеп оқушылары;
13) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына немесе жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
14) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні тәртібінде жұмыс істейтін адамдар;
15) жалақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;
16) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;
17) 50 жастан асқан азаматтар.

2. «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

- 1) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын;
2) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыруда көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.В. Қ а н а м а н о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

Д.Ю. Кавригин